



ШЕШІМ
29.09.2023

Астана қаласы

РЕШЕНИЕ
75/9-VIII

№

город Астана

**Астана қаласында төтенше жағдайлардың
алдын алу және оларды жою жөніндегі
жүйелі шараларды қолдану туралы**

«Астана қаласының Төтенше жағдайлар департаменті» ММ бастығының бірінші орынбасары Д.М. Ермағамбетовтың «Астана қаласында төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі жүйелі шараларды қолдану туралы» баяндамасын тыңдап және талқылап, Астана қаласының мәслихаты мыналарды атап өтеді.

«Астана қаласының Төтенше жағдайлар департаменті» ММ (бұдан әрі - Департамент) елордада төтенше жағдайлардың алдын алу және жою бойынша өрт-тактикалық сабақтар, тұрғын үй секторы мен су айдындарында рейдтер жүргізу, қауіпсіздік шаралары туралы жадынамалар тарату, объектілерді тексеру, халықты оқыту, интерактивті сабақтар, түрлі акциялар мен челленджер өткізу сияқты профилактикалық іс-шараларды жүзеге асырады.

Жергілікті мемлекеттік басқару органдары жыл сайын Департаментке төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін қаржы бөледі, өрт сөндіру деполарының құрылысы және өрт сөндіру қызметтерін жарактандыру бойынша қолдау көрсетеді.

Қазіргі уақытта үш өрт сөндіру депосын (*Тельман т/а, Интернациональный т/а, №28 көше*) жобалау және екі өрт сөндіру депосын салу жұмыстары жалғасуда.

Жалпы сомасы 1,8 млрд. теңгеге 10 бірлік техника сатып алынды (*9 бірлік автоцистерна және биіктігі 90 метр 1 бірлік бүгілмелі автокөтергіш*).

Сонымен қатар, төтенше жағдайлардың туындауының алдын алу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарға қарамастан, қала аумағында 429 төтенше жағдай тіркелген, онда 54 адам зардап шекті, оның ішінде 11 адам қаза тапты; тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерінде 3 апат орын алды.

Елорда аумағында шұғыл шешуді талап ететін бірқатар проблемалық мәселелер бар.

Мысалы, өрт сөндіру техникасына арналған кірме жолдар құтқару қызметтері жұмысының жеделдігіне айтарлықтай әсер етеді. Үй аумағына кіретін жолдарға реттелмейтін шлагбаумдар (металл қоршаулар, бетон блоктар

және өзге де заттар) орнатылған. Тегін автотұрақтар санының азаюы үйлердің ауласында жеке автокөлік құралдарының артуына әкелді. Көпқабатты көппәтерлі тұрғын үйлерде өрт қауіпсіздігі талаптары сақталмайды.

Департаменттің құрылыс саласында бақылау функциялары жоқ және салынып жатқан объектілердің өртке қарсы жай-күйін тексеруге, жобалық құжаттаманы келісуге, салынған объектілерді пайдалануға қабылдауға қатыспайды. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының орындалған құрылыс-монтаждау жұмыстарын жобалау-сметалық құжаттамаға, өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігін тексеру мүмкіндігі жоқ.

Қалада табиғи және техногендік сипаттағы ықтимал төтенше жағдайлар туралы халықты құлақтандыру жүйесі жолға қойылмаған, елорданың қолданыстағы құлақтандыру жүйесі 70-жылдары орнатылған және халықты толық қамтымайды.

Аудандық әкімдіктер мен денсаулық сақтау объектілері өз қызметін ерекше кезеңде де жалғастыратын азаматтық қорғаныс бойынша санатқа жатқызылғанына қарамастан, осы мекемелердің ешқайсысында қызметкерлер, медперсонал және тасымалданбайтын науқастарға арналған азаматтық қорғаныстың қорғаныш ғимараты (паналайтын жер) жоқ.

Сондай-ақ Департаменттің су-құтқару қызметінің материалдық-техникалық базасы әлсіз, қызметкерлердің жалақысы төмен.

Баяндалғанның негізінде төтенше жағдайлардың алдын алу және жою мәселесіне жедел ден қою мақсатында Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. «Астана қаласында төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі жүйелі шараларды қолдану туралы» баяндама назарға алынсын.

2. Астана қаласының әкімдігіне:

орындалған құрылыс-монтаждау жұмыстарының жобалық құжаттамаға, өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігін тексеру үшін Төтенше жағдайлар департаменті қызметкерлерін объектілер салу аяқталған кезде қабылдау комиссиясының құрамына енгізу;

өрттен қорғау жүйелерін қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларды «Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына» енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстарға бастамашылық жасау;

№ 1, 2, 5 арнаулы өрт сөндіру бөлімдерін және № 8, 10, 16 өрт сөндіру бөлімдерінің, Жедел-құтқару жасағының (ЖҚЖ) құрылысы, жөндеу немесе реконструкциялау мәселесін, сондай-ақ кірме жолдарды жайластыру, жылумен жабдықтаудың, сумен жабдықтаудың және кәріздің орталық желілеріне қосу мүмкіндігі мәселелерін қарастыру;

қаладан едәуір қашықтығы мен инфрақұрылымның жоқтығын ескере отырып, Өндіріс көшесі бойынша жедел-құтқару жасағы ғимаратын салудың орындылығын талдау, оның құрылысын орналасатын орнының ыңғайлылығын және төтенше жағдайларға жедел әрекет ету мүмкіндігін ескере отырып, Департаментке берілген 19 жер учаскесінің бірінде салуды қарастыру;

қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандырудың үлгілік қағидаларына (ҚР ҰЭМ 20.03.2015 ж. № 235 бұйрығы) үй маңындағы аумақта

орамішілік өтпелермен, жолдармен, тротуарлармен жүруді шектейтін реттелмейтін тосқауылдарды (металл қоршаулар, бетон блоктар және өзге де заттар) орнатуға тыйым салуды көздейтін өзгерістер енгізуге бастамашылық жасау;

ҚР Парламенті Сенатына және ҚР Парламенті Мәжілісіне ТЖ саласындағы проблемаларды шешу, оның ішінде ТЖД су-құтқару қызметі қызметкерлерінің жалақысын арттыру және оның материалдық-техникалық базасының жай-күйін жақсарту жөніндегі хатқа бастамашылық жасау;

тегін тұрақ орындарын ұлғайту мәселесін зерттеу;

елорда аумағында халықты құлақтандырудың тиісті жүйесін құру және оны республикалық құлақтандыру жүйесімен ықпалдастыру жөнінде шаралар қабылдау;

Есіл өзені алқабында орналасқан саяжай учаскелерін сатып алуға қаржы бөлу туралы мәселені қарастыру;

«Казпромхолод» ЖШС химиялық қауіпті объектісін қала шегінен тыс жерге ауыстыру үшін жер учаскесін бөлу немесе аммиакты неғұрлым қауіпсіз реагент - фреонға ауыстыру мәселесін зерделеу;

«Алматы», «Байқоңыр», «Есіл», «Нұра» аудандарында қала тұрғындарының қауіпсіз шомылуы үшін тегін қалалық жағажайлар құру мәселесін қарастыру;

азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстарының (паналайтын жерлер) қорын жинақтау және салу үшін қаржы қаражатын бөлу жөніндегі мәселені пысықтау;

Департамент қызметкерлері үшін жатақхана, көппәтерлі тұрғын үй кешенін салу мәселесін зерделеу немесе тұрғын үй төлемдері мәселесін пысықтау ұсынылсын.

3. «Астана қаласының Төтенше жағдайлар департаменті» ММ:

тұрғын үйлердің жерасты автотұрақтарында, сауда-ойын-сауық орталықтарының, бизнес-орталықтардың паркингтерінде газ жабдығы бар автомобильдердің заңсыз тұрағын, қоғамдық тамақтану объектілерінің орналасуын анықтау бойынша профилактикалық іс-шаралар жүргізу;

көпқабатты көппәтерлі тұрғын үйлерде өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау жөнінде шаралар қабылдау;

жанудың алдын алу және өртті сөндіру бойынша ұсынымдар әзірлей отырып, қалада жолаушылар тасымалдайтын электромобиль көлігін қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету;

Сәтбаев және Б. Момышұлы көшелеріндегі 10-ӨСБ-не баруды ұйымдастыру;

Instagram және TikTok әлеуметтік желілерін өртке қарсы үгіт-насихат, төтенше жағдайлар туралы материалдарды жариялау үшін белсенді қолдану ұсынылсын.

4. «Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ:

авариялық-құтқару қызметтеріне (ТЖД, АЭЖТК, Астана Су Арнасы, Астана Газқызмет) ТЖ немесе апат орнына бару кезінде автобус жолағымен (Bus Lan) жүруге рұқсат беру мәселесін зерделеу және рұқсат алуға жәрдем көрсету ұсынылсын.

5. «Астана қаласының Білім басқармасы» ММ-не «Астана қаласының Төтенше жағдайлар департаменті» ММ-мен бірлесіп, білім беру ұйымдарында балаларды өрт қауіпсіздігі туралы оқыту түрінде профилактикалық іс-шаралар жүргізу ұсынылсын.

6. Осы шешімнің орындалуы бойынша ақпарат қалалық мәслихатқа бір ай мерзімде ұсынылсын.

7. Шешімнің орындалуын бақылау Астана қаласы мәслихатының заңдылық, құқық тәртібі және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Астана қаласы
мәслихатының төрағасы**



Е. Каналимов